

**Резиденттердің резидент еместерден экспорт бойынша төлемдер алуы, егер тауар экспортталған күн мен экспорттық түсімді алу арасындағы мерзім 365 күннен асып кеткен жағдайда лицензиялауға жататын тауарлардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1350 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.26. N 845 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 26 қыркүйектегі N 845 Қаулысымен.*

" Лицензиялау туралы " және " Валюталық реттеу туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Резиденттердің резидент еместерден экспорт бойынша төлемдер алуы, егер тауар экспортталған күн мен экспорттық түсімді алу арасындағы мерзім 365 күннен асып кеткен жағдайда лицензиялауға жататын тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2003 жылғы 30 желтоқсандағы  
N 1350 қаулысымен  
бекітілген

**Резиденттердің резидент еместерден экспорт бойынша төлемдер алуы, егер тауар экспортталған күн мен экспорттық түсімді алу арасындағы мерзім 365 күннен асып кеткен жағдайда лицензиялауға жататын тауарлардың тізбесі**

---

Р/с	СЭҚ ТН коды	Атауы
-----	-------------	-------

---

1.	2844	Химиялық радиоактивті элементтер мен радиоактивті изотоптар (бөлінгіш және өнгіш химиялық элементтер мен изотоптарды қоса алғанда) және
----	------	---

- олардың қосылыстары; осы өнімдерден тұратын қоспалар мен қалдықтар
2. 84 Ядролық реакторлар, қазандар, жабдықтар және механикалық құрылғылар; олардың бөлшектері
3. 85 Электрлі машиналар мен жабдықтар, олардың бөлшектері; дыбыс жазғыш және дыбыс шығарғыш аппаратура, теледидардың бейнесі мен дыбысын жазуға және дыбысын шығаруға арналған аппаратура, олардың бөлшектері мен керек-жарақтары
4. 87 Темір жол немесе трамвай жылжымалы құрамынан басқа, жердегі көлік құралдары және олардың бөлшектері мен керек-жарақтары
5. 88 Ұшу аппараттары, ғарыштық аппараттар және олардың бөлшектері
6. 89 Кемелер, қайықтар және жүзетін конструкциялар
7. 90 Оптикалық, фотосуреттік, кинематографиялық, өлшеу, бақылау, дәлме-дәл, медициналық немесе хирургиялық құралдар мен аппараттар; олардың бөлшектері мен керек-жарақтары